

С. Жуматай^{1*}, А. Ташагыл², С.К. Кабылтаева¹, Г.К. Муканова³

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

²Едитене университеті, Стамбул, Түркия

³Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: kopeev95@mail.ru; atasagil@hotmail.com; uteubaeva81@mail.ru; gulnar_mukanova@mail.ru)

I және II Мемлекеттік думаға сайлау кампаниясы — Дала өлкесі халықтарының қоғамдық белсенділігінің көрінісі ретінде: мәселелері және маңыздылығы

I және II Мемлекеттік думаға сайлаудың қорытындылары және сайлау кампаниялары Дала өлкесі халықтарының демократиялық өзгерістерге деген қызығушылықтарын танытты. Мұндай қызығушылықтар патша билігі тарабынан жасалған кедергілерге және сайлау құқықтарын шектеуге қарамастан I және II Думаға патшалық Ресейдің әлеуметтік-саяси құрылысының жаңартылуын қолдаған халық арасындағы беделді тұлғалардың сайлануына алып келді. Мақалада Дала өлкесі халықтарының қоғамдық белсенділігінің индекаторы болып табылатын сайлау кампанияларының сипаты көрсетілген. Авторлар мақалада I және II Мемлекеттік думаға сайлау кезеңінде Думаны көшпелілердің құқықтарын қорғау үшін қолдануға шақырған алдыңғы қатардағы демократиялық интеллигенция қызметінің белсенділігін көрсеткен.

Кілт сөздер: I және II Мемлекеттік дума, қазақ интеллигенциясы, Қазақстан тарихы, сайлау кампаниялары, Ш.Қосшығұлұлы, саяси партиялар.

Kіріспе

XX ғасырдың басы Қазақстан тарихының маңызды кезеңдерінің бірі болып табылады. Осы кезеңде император Николай II құрамына саяси күштер кіретін Мемлекеттік думаны шақыру жөнінде Манифест жариялағаны тарихтан белгілі. Императордың мұндай мәлімдемесі қоғамда резонанс тудырып, қоғамдық-саяси қозғалыстардың және партиялардың қалыптасуына алып келді. Сонымен бірге, қоғамдық-саяси идеалдарды жариялау мен жүзеге асыру мақсатында парламенттің ісіне қатысу үшін күрес басталады. Осылайша, 1906-1907 жылдары Қазақстан территориясында халықтың сайлауға қатысуын қамтамасыз еткен алғаш рет заң шығарушы органға сайлау өтті. Сайлау алды кампанияларын жүргізу барысында саяси партиялар сайлау алдындағы күрестің әдіс-тәсілдерін қолданып, оны жалпыфедералдық және аймақтық мерзімді басылымдарда жариялап отырды. Сайлау кампанияларының барысы жарияланған мақалалардың өзі саяси күрестің бірден-бір құралы ретінде қарастырылды. Қазіргі уақытта бұл пиар-технология және аудиторияны сайлау алдындағы кампаниямен таныстыру деп аталады. Сондықтан, бір жағынан, қазіргі кезеңдегі Қазақстандағы пиар-технологияның өткен тарихи тәжірибесін қарастырудың да маңызы бар.

Атап айтқанда, қазіргі кезеңдегі қазақстандық қоғамның трансформациялануы, мемлекеттік басқару жүйесін және азаматтық қоғам институты мен билік құрылымдарының өзара байланысын реформалау жағдайында XX ғасырдың басында орын алған I және II Мемлекеттік думаға сайлау кампанияларын жүргізудің тәжірибесін қарастырудың өзектілігі жоғары. Себебі, 1906-1907 жылдардағы I және II Мемлекеттік думаға сайлау кампаниялары XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси өмірдің маңызды оқиғасына айналды. Олар Дала өлкесі халықтарының өкілетті мекемені қалыптастыруға қатысуын қамтамасыз етіп, сайлау құқығы мен оны жүзеге асыру үшін жағдай жасап берді. Сондықтан, I және II Мемлекеттік думаға сайлау, сонымен қатар сайлау алды кампанияларын ұйымдастыру мәселелерін, қабылданған заңдардың негізінде сайлау үрдістеріне қатысудың механизмдерін зерттеудің ғылыми-теориялық және тәжірибелік қажеттілігі бар.

Мемлекеттік думаға сайлау тәрізді аса маңызды саяси науқанға даярлану қазақ қоғамы үшін ұлттық даму жолын анықтаған шешуші кезеңдердің бірі болды. Сол себепті Мемлекеттік думаға сайлау кампаниясының қазақ қоғамының саяси қырынан өсуіне, ел ішіндегі демократиялық өзгерістердің орын алуына тигізген ықпалын зерттеу қазіргі қазақстандық тарих ғылымы үшін өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Себебі, қазақтардың саяси сана-сезімінің елеулі түрде өскенін

қазақ зиялы қауым көшбасшыларының Ресей Мемлекеттік думаға сайлау алдындағы қызметтерінен, сонынан Думаның жұмысына қатысуынан көруге болады.

Зерттеу әдістері

Зерттеудің әдіснамалық негізін объективтілік пен тарихи жүйелеудің жалпы ғылыми принциптері құрайды. Салыстырмалы-тарихи зерттеу әдісі саяси партиялардың сайлау алдындағы кампанияларының жекелеген аспектілерін зерттеуге мүмкіндік берді. Сонымен бірге, аталған әдіс уақыт пен кеңістіктегі тарихи объектілерді салыстыра қарастыру барысында қолданылды. Жекелеген қалалар бойынша қала тұрғындарының сайлауға қатысуын қарастыруда статистикалық талдау әдісі пайдаланылды. Тарихи-жүйелеу әдісі ХХ ғ. басындағы қоғамдық-саяси жүйенің әрекет ету механизмдерін, атап айтқанда сайлау құқығының құқықтық институтын зерттеуге мүмкіндік берді.

Негізгі бөлім

Өзімізге белгілі, 1905 ж. 18 қаңтарында Ресейдегі саяси жағдайдың шиеленісуіне байланысты Николай II «халық өкілдерін» заңшығарушылық жұмыстарына тарту мақсатында рескриптке қол қойды. Сонынан, ішкі істер министрі А.Г. Булыгиннің ұсынысы бойынша Николай II императордың атына мемлекеттік құрылысты жетілдіру бойынша ұсыныстарды білдіруге мүмкіндік беретін жарлық қабылдады, осымен бірге император Мемлекеттік дума шеңберінде заң жөнінде кеңес беретін органды құру жөніндегі рескриптке қол қойды. Мемлекеттік думаны құрудың жобасы А.Г. Булыгиннің тарабынан өңделді және бұл жоба 1905 жылдың 6 тамызында жарияланды.

Мемлекеттік думаны қазақ халқының көпшілігі мерзімі жеткен мәселелерді талқылап және оның шешімін табатын жоғары форум ретінде қабылдады және оған қалыптасқан құрылысты парламенттік жол арқылы демократияландыруға жол ашады деген сеніммен қарады.

Патша үкіметінің және биліктің жергілікті органдарының қазақтарға сайлау құқығын беруге деген қалауының жоқ болуы жергілікті халық арасында петициялық қозғалыстың орын алуына алып келгені белгілі. Мысалы, Семей облысы қазақтарының өкілдері қазақтарды сайлауға қатыстырмау және оларды сайлау құқықтарынан айыру жөніндегі патша саясатына наразылық білдірді. Осымен бірге, 1905 ж. 15 мың адам қол қойған Қарқаралы уезіндегі Қоянды жәрмеңкесінде қабылданған Қарқаралы петициясы да кеңінен танымал болды. Бұл петицияда Дала өлкесінің күрделі мәселелері жөніндегі талаптардың тұтас пакеті ұсынылды және Мемлекеттік думаға Дала өлкесі атынан депутаттардың қатысуына үлкен көңіл бөлінді.

Нәтижесінде, 1905 жылғы Қазан ереуілі және революциялық қозғалыстың нығаюы Мемлекеттік дума идеясын жүзеге асыруға мүмкіндік бермеді. Халық Думаның заңшығарушылық құқығын мойындауды және оған сайланушылардың шеңберін кеңейтуді талап ете бастады. Сондықтан, Петербургте өткен кезекті отырыста Ресейдің ішкі істер министрі Булыгин қазақ халқын сайлау құқығынан айыру шешімінен бас тартуды ұсынды және тек қана «отырықшылыққа көшпеген халық тобын сайлауға қатысу құқығынан айыру» жөнінде ұсыныс білдірді.

1905 ж. 17 қазандағы манифест қазақ тіліне аударылып, Өлкенің көшпелі ауылдарына таратыла бастады. Бұл жөнінде I Мемлекеттік думаның он жылдығына арналған естелігінде Ә. Бөкейханов «Омбыда тұратын зиялы қазақтарға 17 қазандағы манифестті қазақ тіліне аударып, жергілікті газеттерді бақылаушының (вице губернатордың) рұқсатымен Ақмола облысының типографиясында басып шығарып, 10000 данасын Дала өлкесіне таратты» деп, одан әрі «қазақтардың жүріп-тұруы арқасында манифест қысқа уақытта бүкіл даланың қолына тиді. Жер-жерде қазақтар үлкенді-кішілі съездерге жиналды... Манифесті оқыды, оны түсіндірді, болашақтағы Мемлекеттік дума сайлауы туралы мәселелерді талқылады. Облыстың ең алыс түкпірлерінен қазақтар топ-топ болып қалаларға барды, онда қала тұрғындары ұйымдастырған қалалық митингілерге қатысты. Орыстар, татарлар, сарттар мен қазақтар бір туысқан отбасына қосылып кетті» деп атап көрсетеді [1].

1905 ж. 11 желтоқсанында Мемлекеттік думаға сайлау жөніндегі Ережеге өзгерістер енгізілді. Атап айтқанда, Польша губернияларында, Орал және Торғай облыстарында, Сібір губерниялары мен облыстарында, Дала және Түркістан генерал-губернаторларында және Кавказда сайлау ерекше қағидаларға сәйкес өту қажеттігі жөнінде қосымша енгізілген [2; 138]. Дегенмен, сайлауға әйелдер және 25 жасқа толмаған азаматтар, білім алушылар мен әскери қызметтегілер жіберілген жоқ. Бірақ, Мемлекеттік думаға қазақ халқының арасынан

шыққан өкілдердің сайлануына кері ықпал еткен басты мәселелердің бірі — «Мемлекеттік думаға орыс тілін меңгермегендер сайлана алмайды» деген ереже болды [3; 257].

Осымен бірге, Думаға тікелей сайлау жүйесі де енгізілген жоқ. Дала өлкесінде қызметкерлер мен саудагерлерден тұратын қалалық тұрғындар үшін екі сатылы сайлау жүйесі белгіленді. Бірінші, қалалық съезде сайлаушылар сайланған, соңынан, олар (сайлаушылар) ауыл тұрғындары арасынан шыққан сайлаушылармен бірігіп, облыстық сайлау жиналысында бір облыстың атынан бір депутатты сайлаған.

Думаға сайлау жөніндегі Ережеге сәйкес Дала өлкесінің сайлаушылары жергілікті тұрғындар және еуропалық халықтар деп бөлінді. Қазақстанның батыс және солтүстік аймақтарының 70 пайызын жергілікті қазақ халқы құраған, сондықтан, олардың арасынан 10 депутат сайлануы тиіс болғанымен, қазақтар 4 депутатты сайлаған, ал қалған 30 пайызды орыс халқы құрап, олар 6 депутат сайлаған [3].

Дала өлкесінде I Мемлекеттік думаға сайлау науқаны күрделі жағдайда өтті. Мысалы, 1906 ж. 4 қаңтардағы Ақмола және Семей облыстарының генерал-губернаторларының қаулысына сәйкес жиналыстар, манифестациялар мен басқада жаппай іс-шаралар өткізуге тыйым салынған. Дегенмен, I Мемлекеттік думаға сайлау қарсаңында Думаны көшпелілердің құқықтарын қорғау үшін қолдануға шақырған алдыңғы қатардағы қазақ демократиялық зиялылар қауымы өздерінің қызметін белсендетті. Осылайша, 1906 ж. сәуірінде қазақ даласында I Мемлекеттік думаға сайлау кампаниясы басталды. Бұл кезеңде Мемлекеттік дума өзінің қызметін бастап кетсе, Семей облысының волостарында тек қана сайлаушылардың тізімін анықтаған жоқ [4].

Негізгі сайлау алдындағы күрес Омск, Ақмола және Семипалатинск, Петропавловск, Өскемен қалаларында орын алып, социал-демократтар айтарлықтай белсенділік таныта бастады. Петропавловскте социал-демократтар сайлау алды жиналысында патшалықпен күресуге шақырды. Мұндай іс-шараларды Семей қаласының социал-демократтары да сайлау кампаниялары кезеңінде жүргізген, олар өнеркәсіп кәсіпорындарының бірқатарында үгіт-насихат жүргізу барысында жұмысшыларды жалпы қалалық ереуілдерге шақырған [5; 154]. Ауызша және қағаз түрінде үгіт-насихат жүргізу сайлау алды күресі кезеңінде социал-демократтардың негізгі құралына айналды. Ішкі істер министрінің бұйрығының негізінде Дала өлкесіндегі жергілікті мерзімді басылымдардың қатаң түрде бақылауға алуының салдарынан заңды мерзімді басылымды қолдану қиынға соққан. Осындай бұйрықтың негізінде бірқатар газеттерге «залалды бағыт» деген айып тағылып, оларды басып шығаруға тыйым салынған. Мысалы, 1906 ж. Ақмола облысының әкімшілігі Омскіде «Степной голос» және «Степной вестник» деп аталатын басылымдардың шығуына тыйым салған. Семейде де күнде басылып шығатын «Прииртышеский край», «Семималатинская жизнь» газеттерінің басылып шығуына тыйым салынған.

Толықтай алғанда, қоғамдық өмірдің кейбір белсенділігіне қарамастан және патшалық әкімшілік тарабынан жоспарланған кедергілердің салдарынан Қазақстан территориясындағы сайлау алдындағы үгіт-насихат жұмыстары кең түрде жүзеге асырылған жоқ. Осының салдарынан Дала өлкесі қалаларының өзінде халықтың айтарлықтай бөлігі сайлауға мән бермеген. Дала өлкесі қалаларының, сонымен бірге Омск тұрғындарының сайлауға қатысуының көрсеткішін келесі кестеден көруге болады (кесте 1), [3; 264]:

Кесте 1

Қала атаулары	Жалпы халық саны	Сайлауға жіберілгендердің саны	Сайлауға қатысқан сайлаушылардың саны		Сайланған сайлаушылардың саны
Омск	75376	4987	1752	35 %	4
Ақмола	9688	551	238	43,1 %	1
Атбасар	3038	325	106	32,6 %	1
Көкшетау	4962	640	403	62,9 %	1
Петропавловск	19688	2468	732	29,6 %	2
Семей	30000	3172	1049	45,8 %	2

Кестеден көріп отырғанымыздай, Омск, Петропавловск және Атбасар қалаларындағы сайлауға қатысушылардың саны біршама аз болған. Сайлауға белсенді түрде қатысқандар Көкшетау (62 %) және Семей (45,8 %), Ақмола (43,1 %) қалаларында байқалады.

Дегенмен, Ақмола облысынан қазақтардың I Мемлекеттік думаға сайлануы күрделі жағдайда өтті. Сайлау 1906 ж. 15 маусымында Көкшетауда өтті және онда депутаттыққа алты адам қатысып, 36 жасар Шаймерден Қосшығұлұлы 94 дауыспен жеңіске жеткен [6; 79]. Өз жерлестерінің арасында Ш. Қосшығұлұлы отарлау мен қоныстандырудан көшпелі халықтың мүдделерін қорғаумен ерекшеленген. Ол көрнекті діни қайраткер Н. Таласовтың серіктесі болғандықтан биліктегілердің тарабынан қудалауға түсіп отырған. Сайлауға дейін Ш. Қосшығұлұлы әкімшілік тарабынан Дала өлкесінен тыс Якутияға жер аударылған, бірақ та, халықтың талабының арқасында патша әкімшілігі Шаймерденнің елге оралуына рұқсат берген. Сайлау аяқталған соң сайлау комиссиясына Ш. Қосшығұлұлы орыс тілін білмейді және «Мемлекеттік думаға сайлау жөніндегі Ереженің» 55-ші бабының бұзылғандығы жөнінде шағым түскен. Дегенмен, I Думаның мерзімінен бұрын таратылуының себептерінен Ақмола облысының волостарынан сайланған депутат сайлауының нәтижесін бекітіп үлгерген жоқ.

I Мемлекеттік дума бар жоғы 73 күн қызмет жасады. Дума депутаттарының айтарлықтай бөлігінің демократиялық өзгерістерге деген талпыныстарынан сескенген патша билігі 1906 ж. 9 шілдеде Думаны таратады. Әрине, парламенттің таратылуы Дала өлкесі халықтарының көңілін қалдырды. Атап айтқанда, Мемлекеттік думаның таратылуы қазақ халқының арасында «конституциялық жүйеге» деген сеніміне кері ықпал етіп, сенімсіздікті тудырды.

1907 жылдың қаңтар-ақпан аралығында Ресейдің орталық губернияларындағы сияқты Дала өлкесінде де II Мемлекеттік думаға сайлау өтті. II Мемлекеттік думаға сайлау дайындықтары уездік және қалалық сайлау комиссиялары құрылғаннан кейін басталды. Сайлаушыны сайлаудың мерзімі — қалаларда 1906 жылдың желтоқсанынан бастап 1907 жылдың ақпанына дейін, ал ауылдарда 1906 ж. желтоқсанында өту керек деп шешілді. Орыс халықтарынан Мемлекеттік думаның мүшелерін сайлау 1906 жылдың 16 ақпанында, ал қазақтардан сайлау 20 ақпан деп белгіленді.

II Мемлекеттік думаға сайлау ескі қалыптасқан схема бойынша жүреді деген шешім қабылданды. Дегенмен, Сенаттың сайлау ережелеріне түсіндірмесінен соң үкімет сайлауға жіберілген азаматтардың санын қысқарта бастады. Мысалы, 1906 ж. 28 қазандағы Ақмола облысының губернаторы атына жіберілген Ішкі істер министрлігінің телеграммасына сәйкес пәтер бойынша (бір бөлмеде бірлесіп тұратындарға) және пәтерақы төлемейтін қайырымдық мекемелер мен ұйымдардың қызметкерлеріне сайлауға қатысу шектелімдері қойылды [7]. Осындай түсіндірмелерді негізге ала отырып, жергілікті әкімшілік сайлаушылар тізіміне мемлекеттік пәтерлерде тұратындарды: вахтерлерді, курьерлерді, от жағушыларды кіргізбеген. Мұнан басқа, жол мастерлері, темір жол қызметкерлері (машинистер және олардың көмекшілері, вагон тіркемешілері т.б.) сайлау құқықтарынан айырылды [8].

Билік басындағылардың шектеу-жазаларына қарамастан, социал-демократтар сайлау кампаниясында (I Думаға сайлау кезеңіне қарағанда) аса белсенділік танытты. Олар сайлау алды кампаниясында үгіт-насихат таратудың заңды және заңсыз түрлерін қолданды. Мысалы, Ақмола облысында олар тек қана үндеулер таратып қойған жоқ, сонымен қатар Думаға қатысты өздерінің тактикаларын үгіттеу бойынша сайлау алды жиындарын жүргізген және әртүрлі партия өкілдерінің кездесулерін ұйымдастырған. 1907 ж. қаңтарының өзінде РСДЖП-нің (Ресей социал-демократиялық жұмысшылар партиясы) Омск партия комитетінің сайлау платформасын түсіндіру жөнінде 7 үндеу қағазын басып шығарған.

Осымен қатар, Омскіде СРП-ның (Социал-революционерлер партиясы) өкілдері де сайлау алдындағы үгіт-насихат шараларын белсенді түрде жүргізген. Олар да сайлау алды жиындарына қатысып, үндеу қағаздарын басып шығарып, оларды таратқан. Мысалы, олар 1907 ж. «Знамия Земли и Воли» және «Российская социал-демократия» аталатын екі үндеу қағазын басып шығарып және таратқан, Думаға СРП кандидаттарын өткеру мақсатында РСДЖП-ның сайлау бағдарламасын сынға алған [9; 118]. Сайлау алды кампаниясының барысында Омскіде эсерлер кадеттермен бірігіп, әрбір партиядан екі кандидатты ұсынған. Өзімізге белгілі, өздерінің екінші съезінде эсерлер оңшылдарға қарсы барлық дума оппозицияларын біріктіру үшін кадеттермен келісім-шартты заңдастырған болатын.

II Мемлекеттік думаға сайлау қарсаңында сайланушы кандидат үшін орыс тілін меңгеру қажеттілігі жөніндегі талап өзінің күшін сақтап қалды. Бұл жөнінде Ю.П. Родинов 1907 ж. ақпандағы

II Мемлекеттік думаға сайлау кезеңінде III Қосшығұлұлының орыс тілін меңгермегендігі жөніндегі мәселе жойылды. Сайлау 12 ақпанда Көкшетауда өтіп, сайлауға 101 адам қатысты. Дауысқа салуға үш кандидат, соның ішінде III Қосшығұлұлы қатысты. Ол өзінің қарсыластарынан озып, өзінің негізгі қарсыласы Д. Турановтан екі дауыс артық жинады деп атап көрсетеді [10].

Толықтай алғанда, Қазақстан территориясындағы II Мемлекеттік думаға сайлау кампаниялары мынадай нәтиже берген: Ақмола облысының қазақтарының атынан III Қосшығұлұлы, Семей облысынан Т. Нокенов, Семей облысының орыс халықтарынан Н.Я. Коншин, Сібір казактары атынан социал-демократ А.К. Виноградов сайланды.

Осылайша, II Мемлекеттік Думаға сайлау алдындағы кампаниялар және сайлаудың нәтижелері Дала өлкесі халықтарының демократиялық өзгерістерге деген қызығушылықтарын көрсетіп берді. Мұндай қызығушылықтың өзі патша әкімшілігі тарабынан жүзеге асырылған сайлау құқықтарының қысқартылуына және кедергілерге қарамастан II Думаға халық арасында беделі бар және патшалық Ресейдің әлеуметтік-саяси құрылысының қайта құрылуын қалаған жеке тұлғалардың сайлануына алып келді. Олар өз сайлаушыларының аманатын жүзеге асыруға және өздерінің міндеті мен көзқарастарына берік болды.

Қорытынды

I және II Мемлекеттік дума қарсаңындағы сайлау кампаниялары үрдістерін талдаудың негізінде Думаға алғашқы сайлаулар билік және басқару органдары үшін ауыр сынақ болды деп атап көрсетуге негіз бар. Себебі, елдегі күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайға байланысты сайлау өткізудің тәжірибесі болған жоқ. Қазақ даласында жүргізілген I және II Мемлекеттік думаға сайлау кампаниялары халықтың өз сайлау құқықтарына деген көзқарасын түбегейлі өзгерткен жоқ және қоғамдағы демократиялық дәстүрді қалыптастырмады. Дегенмен, дәл осы кезеңде сайлау кампанияларын ұйымдастырудың алғашқы тәжірибесі қалыптасты. Осымен бірге, I және II Мемлекеттік думаға Дала өлкесі облыстарынан сайланған депутаттар, сонымен қатар кадеттер мен эсерлер, социал-демократтар партияларының өкілдері патша әкімшілігі мен парламенттің назарын шаруашылық, саяси және мәдени салалардағы әртүрлі шараларды жүзеге асыру барысында ұлттық және конфессионалдық ерекшеліктерді ескеру қажеттілігіне аударды. I және II Думалар партиялық фракцияларда орын алған демократиялық күштердің саяси ықпалдастығының бастапқы мектебіне айналды, сайлау кампанияларын ұйымдастырудың мәселелерін өңдеу және заңшығарушылық қызметтің белгілі бір тәжірибесін жинақтауға мүмкіндік береді. Осылайша, сайлау алдындағы кампаниялар саяси мәдениеттің қалыптасуының маңызды факторына айналды.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Букейханов А. Выборы в Степном крае. — 1906. — Семипалатинская область [Электронный ресурс]. / А. Букейхан. — Режим доступа: <https://e-history.kz/ru/news/show/4158/>.
- 2 Калинычев Ф.И. Государственная дума в России в документах и материалах / Ф.И. Калинычев. — М., 1957. — 255 с.
- 3 Буктугутова Р.С. Общественное движение в Степном крае в конце XIX–начале XX вв. / Р.С. Буктугутова. — Омск, 2007. — 431 с.
- 4 Семипалатинский листок. — 1906. — 16 июня [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://library.kz/ru/zhurnaly-gazety-redkogo-fonda/gazety/99-polnotekstovye-elektronnye-resursy-nb/1809-semipalatinskij-listok.html>
- 5 У истоков Коммунистической партии Казахстана. (Летопись важных событий). (Конец XIX века–февраль 1917 г.). — Алма-Ата, 1966. — 254 с.
- 6 Родионов Ю.П. Выборы в I и II Государственные думы от казахского населения Акмолинской области / Ю.П. Родионов // Валихановские чтения–5: материалы Респ. науч.-практ. конф. — Т. 2. — Кокшетау, 2000. — С. 79.
- 7 ЦГА РК. — Ф. 369. — Оп. 1. — Д. 3901. — Л. 24.
- 8 ЦГА РК. — Ф. 369. — Оп. 1. — Д. 3901. — Л. 26.
- 9 Курусканова Н.П. Листовки организации ПСР Западной Сибири в период первой русской революции 1905–1907 гг. Количественный анализ и хроника / Н.П. Курусканова // Материалы к хронике общественного движения в Сибири в 1895–1917 гг. — Томск, 1994. — С. 118.
- 10 Родионов Ю.П. Хроника избирательных кампаний в I и II Государственные думы в Сибири / Ю.П. Родионов // Материалы к хронике общественного движения в Сибири в 1895–1917 гг. — Томск, 1994.

С. Жуматай, А. Ташагыл, С.К. Кабылтаева, Г.К. Муқанова

Избирательные кампании в I и II Государственную думу как отражение общественной активности народов Степного края: проблемы и значение

Результаты выборов в I и II Государственную думу и предвыборные кампании показали заинтересованность населения Степного края в демократических переменах. Это привело к тому, что даже при урезанных избирательных правах и препятствиях, чинимых администрацией, в I и II Думу в большинстве были избраны лица, пользовавшиеся авторитетом среди населения, выступавшие за преобразования в социально-политическом строе царской России. В статье дана характеристика избирательных кампаний, являвшихся индикаторами общественной активности жителей Степного края. Авторы показывают, что во время выборов в I и II Государственную думу передовая казахская демократическая интеллигенция, призывавшая использовать Думу для защиты прав кочевников, активизировала свою деятельность.

Ключевые слова: I и II Государственная дума, казахская интеллигенция, история Казахстана, предвыборные кампании, Ш.Косшыгулов, политические партии.

S. Zhumatay, A. Tasagil, S.K. Kabylytayeva, G.K. Mukanova

Election campaigns in the 1st and 2nd State Dumas as a reflection of the social activity of the peoples of the Steppe Territory: problems and significance

The results of the elections to the 1st and 2nd State Duma and the election campaigns showed the interest of the population of the Steppe Territory in democratic changes. This led to the fact that even with curtailed voting rights and obstacles posed by the administration, the majority elected to the 1st and 2nd Dumas persons who enjoyed authority among the population and advocated transformations in the socio-political system of tsarist Russia. The article describes the election campaigns, which were indicators of the social activity of the inhabitants of the Steppe region. The authors show that during the elections to the 1st and 2nd State Dumas, the progressive Kazakh democratic intelligentsia, which called for the use of the Duma to protect the rights of nomads, intensified its activities.

Keywords: I and II State Duma, Kazakh intelligentsia, history of Kazakhstan, election campaigns, Sh. Kosschygulov, political parties.

References

- 1 Bukeikhanov, A. Vyборы v Stepnom krae. — 1906. — Semipalatinskaja oblast [Elections in the Steppe region. 1906. Semipalatinsk region]. Retrieved from <https://e-history.kz/ru/news/show/4158/> [in Russian].
- 2 Kalinychev, F.I. (1957). Gosudarstvennaia дума v Rossii v dokumentakh i materialakh [State Duma in Russia in documents and materials]. Moscow [in Russian].
- 3 Buktugutova, R.S. (2007). Obshchestvennoe dvizhenie v Stepnom krae v kontse XIX– nachale XX vv. [Social movement in the Steppe region at the end of the 19th — beginning of the 20th centuries]. Omsk [in Russian].
- 4 Semipalatinskii listok. — 1906. — 16 iunja [Semipalatinsk sheet. June 16, 1906]. Retrieved from <http://library.kz/ru/zhurnaly-gazety-redkogo-fonda/gazety/99-polnotekstovye-elektronnye-resursy-nb/1809-semipalatinskij-listok.html> [in Russian].
- 5 U istokov Kommunisticheskoi partii Kazakhstana. (Letopis vazhnykh sobytii). (Konets XIX veka–fevral 1917 g.) (1966). [At the origins of the Communist Party of Kazakhstan (Chronicle of Important Events): Part 1. (End of the 19th century - February 1917)]. Alma-Ata [in Russian].
- 6 Rodionov, Yu.P. (2000). Vyборы v I i II Gosudarstvennuu dumu ot kazakhskogo naseleniia Akmolinskoi oblasti [Elections to the I and II State Dumas from the Kazakh population of the Akmola region]. Proceedings from Valikhanov readings–5: *Respublikanskaia nauchno-prakticheskaja konferentsiia – Republican Scientific and Practical Conference*. Kokshetau, 79 [in Russian].
- 7 TsGARK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 369. — I. 1. —C. 3901. — S. 24. [in Russian].
- 8 TsGARK [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. — F. 369. — I. 1. —C. 3901. — S. 26 [in Russian].
- 9 Kuruskanova, N.P. (1994). Listovki organizatsii PSR Zapadnoi Sibiri v period pervoi rossiiskoi revoliutsii 1905–1907 gg. Kolichestvennyi analiz i khronika [Leaflets of the organization of the AKP in Western Siberia during the first Russian revolution of 1905-1907. Quantitative analysis and chronicle]. *Materialy k khronike obshchestvennogo dvizheniia v Sibiri v 1895–1917 gg. – Materials for the chronicle of the social movement in Siberia in 1895-1917*. Tomsk [in Russian].
- 10 Rodionov, Yu.P. (1994). Khronika izbiratelnykh kampanii v I i II Gosudarstvennuu dumu v Sibiri. *Materialy k khronike obshchestvennogo dvizheniia v Sibiri v 1895–1917 gg. - Materials for the chronicle of the social movement in Siberia in 1895-1917*. Tomsk [in Russian].